Әділет

# Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы N 519 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 сәуірде N 13-1-214 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі N 595 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 03.04.2013 N 595 қаулысымен

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңының 27-бабы 3-тармағына, 28-бабы 1-тармағына, 31-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі арқылы шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізудің қоса беріліп отырған кестесі бекітілсін.

3. «Петропавл қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы З.Т. Нұрмұқанова әскерге шақыру учаскесінің жұмысы бойынша іс-шараларды 2012 жылға арналған қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген сомаға сәйкес қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.К. Молдағұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден пайда болған құқық қатынастарына таралады.

*Петропавл қаласының әкімі Б. Жұмабеков*

Петропавл қаласы әкімдігінің 2012 ж. 27 наурыздағы № 519 қаулысымен бекітілген

## 2011 жылдың сәуір айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі

| № р/б | Барлығы | Күні, саны | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| | 1000 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

## 2011 жылдың сәуір айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі

| № р/б | Барлығы | Күні, саны | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2 | 3 | 4 | 10 | 11 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 28 | 29 | 30 | 31 |
| | 950 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

## 2011 жылдың сәуір айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі

| № р/б | Барлығы | Күні, саны | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |
| | 1050 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

## 2011 жылдың сәуір айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі

| № р/б | Барлығы | Күні, саны | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 22 | 23 | 26 | 29 | 30 | 31 |
| | 1050 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

## 2011 жылдың сәуір айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі

| № р/б | Барлығы | Күні, саны | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| | 660 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 |

## 2011 жылдың сәуір айында он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі

| № р/б | Барлығы | Күні, саны | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 19 | 20 | 21 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 31 |
| | 380 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК